

О. БӨКЕЙДІҢ «ЖЫЛЫМЫҚ» ӘҢГІМЕСІНІҢ АУДАРМАСЫНДАҒЫ
СӘЙКЕССІЗДІКТЕР

Л.Дауренбекова
Ф.ғ.к., Назарбаев университетінің оқытушысы
Астана қаласы
e-mail: daurenbekova.laura@mail.ru

Мақалада белгілі жазушы О.Бөкейдің «Жылымық» әңгімесінің орыс тіліне аударылуы қарастырылған. Әңгіменің қазақ тілі мен орыс тіліндегі нұсқасы қатар көрсетіле отырып, аудармадағы сәйкессіздіктер салғастырмалы тәсіл арқылы мысалдармен көрсетіледі. Аударма барысында А.Кимнің автор стиліне нұқсан келтірген тұстарына назар аударылып, аудармашының мақсаты айқындалынады. Әңгімедегі идеялық-мағыналық қабаттарға назар аударылып, орыс тіліне ықшамдалынып берілгені анықталынады.

Түйін сөздер: аударма, тіл, трансформация, диалог, стиль.

О несоответствиях в переводе рассказа О.Бокея «Оттепель»

В статье рассматриваются проблемы, связанные с неадекватностью воссоздания художественного текста в переводе. Материалом для сопоставительного анализа послужил рассказ О. Бокея «Оттепель» и его перевод на русский язык, выполненный А.Ким. Неточности перевода, выявленные в русской версии, достаточно типичны для воссоздания бокеевских текстов. В статье рассматриваются несколько «болевых точек», связанных с неадекватностью перевода.

Ключевые слова: язык, перевод, трансформация, диалог, стиль.

About discordance in translation of short story «Thaw» by O.Bokey

The article considers the issues related to inadequacy in translated version of original work of art. The material for comparative analysis was short story «Thaw» by O.Bokey and it's translation into Russian, done by A.Kim. Inaccuracy of translations showed in Russian version is typical one for reconstruction of Bokeyev's texts. The author of this article discusses some «painful points» related to inadequacy in translation.

Key words: language, translation, transformation, dialogue, style

О. Бөкей туындыларының басты кредосы – Адам! Адам бойындағы рухани тазалық. Көркемдік-эстетикалық тұрғыдан берілетін кейіпкердің жан күйзелісі, ішкі арпалысы, астарлай берілген философиялық ойлары, оқырманды бей-жай қалдырмайтын мазмұны, санаға берер сілкінісін кез келген шығармасынан көруге болады. Ондай шығармаларды өзге тілге

дәлме-дәл берудің қиын екендігін «Жылымық» шығармасының аудармасынан байқалады.

2003 жылы «Ресейдегі Қазақстан жылы» деп аталуына байланысты біздің белгілі жазушыларымыздың орыс тіліне аударылған шығармалары жарық көрді. Солардың қатарында жазушы О. Бөкейдің «Человек-олень» жинағы да бар. Мақалада біз қарастырғалы отырған жазушының «Жылымық» әңгімесінің аудармашысы көрсетілмеген. Десек те «Человек-олень» кітабына кіргізілген аталған әңгіме 1978 жылы «След молний» деген жинақтағы А. Кимнің аудармасы екендігіне күмәніміз жоқ. Аударма нұсқаны түпнұсқамен салыстыру барысында идеялық қабаттарды аударудағы сәйкессіздіктер байқалады. Жалпы, О. Бөкейдің аудармаларына өз деңгейінде лайықты баға беру қиын.

Аудармашы қаншалықты дарынды болғанымен, екі тілдің де сырына қанықтығымен қатар автордың ойы жеткен дәрежеге көтеріле алатындай жан-жақты білім иесі болмаса, екінші тілде оқушыларға түпнұсқаны бар қасиетімен ашып бере де алмайды. [1, 81] – дейді Ә.Сатыбалдиев. Бұған қоса аудармашы шығарманың көркемдік-эстетикалық талаптарына баса назар аудармаса да автор идеясына нұқсан келері сөзсіз. Бұған А.Кимнің аудармасы дәлел.

Шығарма бірінші жақтан әңгімеленеді. Автор «Мен» формасы арқылы оқиғамен біте қайнасып, әрі қатысушы, әрі әңгімелеуші түрінде келеді. Шығармадағы деталь – В. Василевтің «Жылымық» суреті. Әңгіме кейіпкері сол суретке қарай отырып, ойын өрбітеді. Жылымық – шығармадағы оқиғамен байланыстырылып отыратын басты ассоциация. Шығарманы толық түсіну үшін алдымен тақырып атауы «Жылымық» сөзінің мағынасын дұрыс түсініп алу қажет. Негізінен жылымықты шартты түрде қыс мезгіліне де, көктем мезгіліне де жатқыза алмаймыз. Жылымық авторша айтқанда суықта емес, ыстықта емес, өң мен түстің, ұйқы мен ояудың арасындағы маужыр дүние. Басты кейіпкер Жанар образы осы жылымық кезімен қатар алына отырып суреттеледі. Зағип Жанарды мүлдем соқыр деп айтуға келмейді. Оның сыртқы дүниені қабылдауы, сезінуі де ерекше. Көзі көрмесе де, жанының жанары бар. Автор «...Жанар атты жанашырым барын білдім әрі тіршіліктің мәнін бұрынғыдан әлдеқайда терең түсіндім. Сондықтан да сені тоқтартар көңілдің жылымығына балап келемін» [2,31] – деп, шығарма атауын терең мазмұнға айналдырады. «Ұп-ұзын кірпіктеріңді қайта қамастырдың. Жеңіл тыныстайсың. Жылымық... бір жылы нұр тарайды бойыма. Сенен шуақ алған нұрда...» [2, 47] – деп, Жанардың жазықсыз жанарын адамдықтың, тазалықтың символы етіп көрсетеді. Шығармадағы лейтмотив – адам көзі. Автор оқиға барысында «көз» ұғымына сипаттамаларда беріп кетеді. Мәселен: «Көптеген көздер екеуміздің әр адымымызды аңдып, ішіп-жеп қарағанын, әлбетте сен білмедің ғой. Солардың ішінде: қасқыр көздің, түлкі көздің, үкі көздің, қоян көздің, мысық көздің тышқан, жылан, қара, көк. Ала көздің барын да қайдан сезуші едің» [2, 20] – деп, түрлі адамдардың пиғылын образды түрде жіктеу арқылы тұспалдап берсе, ал бұл орыс тілінде «Мы ходили почти всюду вместе, и я

радовался, что тебе не приходится видеть мужских глаз, в которых было много жадного любопытства и так мало доброты» [3, 20] – деп, аударма теориясындағы жіктеуді қолданбай, қысқа ғана қайырады. Байқап отырғанымыздай автор «көпшіліктің көзі» деп берсе, аудармашы «мужских глаз» дейді.

Әңгіменің басында автор айтпақшы болған ойын аңғарту мақсатында халық әнінен эпиграф қолданған.

Жолаушы атың семіз желе-тұғын,
Көз бар ма мен байғұста көре-тұғын.

Эпиграфтан-ақ, оқырман бірден әңгіме ауанын, сарынын сезе қояды. Бұл эпиграф қазақ ұғымына ғана тән деп, оны аудармай, түсіріп тастау шығарма мазмұнынан нұқсан келтіреді. Сондықтан да, аударылып отырған тілден эпиграфқа мағынасы жағынан сәйкес келетін нақыл сөздер таңдалынуы қажет еді. О.Бөкей шығармада басты кейіпкердің ішкі күйзелісін суреттей отырып, оқырманын басты кейіпкердің жан дүниесіне рухының биіктігіне үнілдіреді. Толғандырады, ойландырады.

Мазмұнды бейнелейтін мәтін құрылымы бірде автордың өз баяндауы түрінде, бірде екі кейіпкердің диалогтарындағы бірлескен көзқарастары тұрғысынан, бірде Жанардың өткенге шегініс жасап еске түсіруі, бірде монолог ретінде беріліп, барлығы бірлесіп келіп, мазмұндық қабаттарды құраған. Әңгімедегі автордың айтпақ ойы идеялық қабаттардан-ақ байқалатынын ескеріп, оларды бірнеше бөліктерге бөле отырып қарастырайық.

Бірінші: «Сол күні би болды. Мен сені ертіп бардым» [2, 20] – деген сөйлемді, «Однажды я повел туда свою девушку, и мы танцевали» [3, 20] - деп береді.

«Ананы қарашы, көзі бар бізден жақсы билейді, [2, 20] – деген сөз сумаң ете қалғанда, төбеңнен әлдекім таспен ұрғандай сілейіп тұрдың да: - кетейік , – дедің ентігіп, – бұл жерден кетейік, аға!» [2, 22]. Осы диалог орыс тілінде: «А слепая ведь недурно танцует». Состояние, в котором мы пребывали уже много дней, моментально разбилось. В моих руках было напрягшееся и скованное тело моей девушки» [2, 22]. Байқап отырғанымыздай, «свою девушку», «моей девушки» деп түпнұсқа идеясына нұқсан келтіріп, автор стиліне тән оқырманды ойлауға жетелеп, шешімін өзіне қалдыратын ситуацияларды аудармашы өз қабылдауы бойынша берген.

Ертесінде жігіт Жанар таңғы асқа келмеген соң, бөлмесіне іздеп барады. Көңілсіз отырған Жанар жігітке келмеуін өтінеді. Айналадағы адамдардың екеуін өсектеп жүргенін айтады. «Бірақ мен қорықпаймын, арашашы – арым. Маған бұйыртқаны осы еді, оны да тартып алғысы келеді. Сонда маған не қалды өлу ме?» [2, 23] – деп ашынады. Бұл маңызды бөлік орыс тілінде жоқ. Бұл бөлікте тек жігіттің қызға деген аянышы ғана қысқаша беріледі.

Жанардың келбетін, ішкі жан дүниесін айқындайтын маңызды екінші бөлік қысқартуға ұшыраған. Соқырлар мектебінде оқып жүргенде Жанардың

ұстазының «Айналайындар, өмірді көзі барлардан әлдеқайда артық сүйуіміз керек. Өйткені біздің – көрмейтіндердің жер бетінде қарманып жүруі – оларды тәубаға келтіреді, өйткені олардың санасынан минут сайын, соқыр болып қалмайын деген сақтық еш шықпауы керек» [2, 24] – деген сөзі, мұғалімінің Одессаға барып, көзіне ота жасатып, саңылау шығартқанына өкініші, адал деп жүрген жарының көз алдында досымен аймаласуы жарық дүниеге деген жиіркенішін оятқаны көзі қарақты оқырманды бей-жәй қалдырмасы анық. Себебі, автор Жанар арқылы тән мүгедектігінен жан мүгедектігі әлдеқайда сорлы екенін мысал арқылы дәлелдеп тұр.

Оқырманға ой салатын келесі маңызды бөлік орыс тілінде жоқ. «Мұрны пұшық, аяғы ақсақ, құлағы дұрыс естімейтін беті шұбар, көзінің тарыдай ағы бар, тілі сақау, белі бүкір Өлмесек атты шалдың қолы сынып ауырып жатқанда: «а құдай бейнетіңнен сақта» – деп тілейді екен. Сонда інісі: «Сонда құдайдың саған бермей қалған бейнеті бар ма еді» [2, 29] – деп ұрсады. Біз кейде мүсәпір, жарымжан деп қарайтын адамдардың да өмірге деген құлшынысы мықты болатынын автор осындай мысалдармен көзімізді жеткізеді. Шағын ғана шығармада автор мүгедек жандардың өмір сүруге құлшынысын, тәні сау адамдарға қарағанда арларының таза болатынын, олардың да ғашық болуға, махаббат құруға «кұқы» бар екенін астарлап жеткізеді. Демек, оқырман ретінде осы шығарманың өн бойынан олардың да дүниені бізден артық көре білуі мүмкін екендігін түсінеміз.

Көркем шығарма дегеніміз – өмір шындығының образды түрде бейнеленген нақты көрінісі. Көркем аударманы да біз, ең алдымен, көркем шығарма деп білеміз. Олай болса, көркем аударма туындысы да сол шығармада суреттелген нақтылы өмір көріністерін түпнұсқаның тілі арқылы реалистік тұрғыдан терең ұғып, өткір сезіне отырып, екінші тілдің образдық жүйесімен бейнелеп берген нұсқасы. [1, 140]. Бұл қағидаға сүйенсек, «Жылымық» әңгімесін екінші нұсқасы деп айту қиын. Аудармашы әңгімедегі кейіпкер психологиясын ашатын маңызды диалогтарды да қысқартқан. Академик З. Қабдолов диалогты аударудағы бір қиындық – диалогте сол сөзді сөйлеп тұрған кісінің мінезі тұратындығын, оның қуанышы мен ренішін, сүйініші мен күйінішін байқауға болатындығын айтады. Диалогті аударғанда, белгілі кейіпкер сол сөзді қандай халде айтты, оның көңіл-күйі не күйде еді, міне, осы жәйттерді есте мықтап ұстаған жөн екендігін ескертеді. Мәселен, Жанардың өмірге құштарлығын сездіретін диалог орыс тіліндегі нұсқада жоқ.

- Сіз білесіз бе, адамдар неге бір-біріне өш екенін? – дедің.
- Адамдар өзіне-өзі өш. Оң қолы мен сол қолы, оң көзі мен сол көзі мәңгі қас дейді ғой.
- Ол – өтірік. Кісілер ешқашанда өзіне жауыққан емес.
- Ендеше, неге өзін-өзі өлтіреді?
- Ол ілуде кездесетін аурулар ғана. Егер шынымды айтсам, өмір сүруге менің де қақым жоқ. Хақыны былай қойғанда мүмкін емес қой. Қазақтың «мұндай тірлікті итке бермесін» дегені менің басымда емес пе. Ал өле салсам

пышақ та, жіп те... қысқасы, өлудің, өлтірудің неше сықылды әдіс-айла құралдарының жетілген тұсы емес пе... неге сонда, неге?...

Оқырманға ой-түрткі болатын бұл диалог та аударылуы қажет еді. Келесі бөлікте: «Сіз мені аямаңызшы аға, біреудің аянышты көзі мен сөзінен қорқамын. Қанша мүсіркегенімен, менің жанарымды жазып беретін адам жоқ. Мен мүсәпір де, сормандай да, жарымжан да емеспін. Мен – Адаммын!» [2, 47].

Аудармасы: «Вы меня не жалейте, хорошо? Я знаю, представляю, что жалость может быть в глазах, и я боюсь таких глаз! Я не люблю сострадания: оно ущербно. Ведь если бы был на свете человек, способный дать мне зрение, то сделал бы он это не из чувства жалости, а главным образом потому, что он мог бы это сделать, правда ведь?» деп аударарды да, ерекше пафоспен берілген «...Мен – Адаммын!» тіркесіне назар аудармаған сияқты. Бұл сөйлемдер кейіпкер жігерінің жасымағандығын меңзеп тұрғандықтан дәл берілу керек еді.

«Мен сені поезға мінгізіп тұрғанда, темір баспалдақтан көтеріле берем деген қара бұжыр, май желке ағанның аяғын басып кеттің. Сонда ол бұлқанталқан ашуланып:

- Ей, қыз, соқырмысың! Көзіңе қарасаңшы! – деп еді-ау!

Мүмкін, нағыз адам сол шығар...» Автор көзі бар адамдардың дәрежелігін, таяздығын зағип жанмен қатар қоя отырып, айтпақ ойын тұспалдап оқырманның ой елегіне қалдырады. Жалпы шығармада идеялық-мағыналық қабаттар өріліп келіп, «жалғанда ақылдың, ойдың, сезім мен жүректің соқырлығынан сақтасын, лайым» - [2,52] деп тұжырымдалады. Бұл шығарманың басты идеясы.

Түпнұсқа мен аударманы салыстырсақ түпнұсқа – 20 бет, аударма – 10 бет осыдан-ақ, қысқартулар басым екендігіне көз жеткіземіз. Аудармашы әңгімедегі идеялық - мағыналық қабаттарды ықшамдап беруге тырысқан. Шығарманың «тұздығы» болып саналатын бөліктер қысқартылып қалғандықтан, аудармашы шығарманың рухын жеткізе алмаған. Сондықтан да бұл әңгімені орыс оқырмандары түпнұсқа оқырмандарының қабылдауындағыдай қабылдай алмайды. Аударма мәтінді қабылдау дегеніміз - оқырманның әдеби шығарма мазмұнын түсіну арқылы басқа рухани мәдениет құбылыстарына зер салу. Амал не, көптеген аудармашылар кейде түпнұсқа мәтініндегі ойды түсінбей, басқаша бұрмалап, өзгертіп жібереді де өз жанынан сөздер қосады немесе негізсіз қысқартады, алып тастайды. Түптеп келгенде автор стилін бұзады. «Жақсы шығарманың қазақ тіліне басқаша, ал орыс тілінде шыққаннан кейін басқаша бағалануының тереңіректе жатқан себептері де бар сияқты. Шығарманың екі тілде бір-біріне қарама-қарсы екі баға алуына, біздіңше, көп реттерде, аудармашы да себепкер» [4, 27] – дейді, аударматанушы Қ. Нұрмаханов. Әрине, аудармашы бір елдің классикалық туындысын екінші елге сол дәрежеде көрсете алмаса шығарманың да, жазушының да құны төмендейді.

О. Бөкей шығармалары да бірнеше тілге дәнекер тіл – орыс тілі арқылы аударылды. Қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударамын деп талап етуші

қашан да қазақ тілінің образдық ерекшеліктерін, қазақ сөз өнеріне тән қасиеттерді жақсы білуі шарт. М. Әуезовтің: «Бізді жақсартпай-ақ қойсын, бірақ, дәл аударса болғаны деп тілек айтар едік» деуінде үлкен мән бар.

Көрнекті аудармашы, әрі аударма зерттеушісі Г. Бельгер «...Қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударудағы ең басты кемістік – түпнұсқаның жайдақталып кетуінде. Аудармашы шығарма авторының ойын түсінбеуі мүмкін, сол шығарма жазылып отырған тілді білмеуі, не шалағай білуі мүмкін, тіпті болмаса өз ісіне салдыр-салақ қарауы да мүмкін. Осының нәтижесінде мақтаулы, тәуір деп жүрген шығармаларымыздың өзі сұрғылт, ортақол туынды болып шыға келеді» [5]. Г. Бельгер тілімен айтқанда классик жазушымыздың аудармасын ортақол туындыға жатқызуға болады. Аудармашыға қойылатын талап - оқырманға түпнұсқаның негізгі мағынасын, автордың стилін сақтай отырып, айтпақ ойын толықтай жеткізу. Ал, А.Ким аталған шығарманы аудару барысында автор стиліне нұқсан келтірген. Қысқарту, өзінше өңдеу, тіпті азат жолдарын алып тастау тәсілдерін қолданып, тек нақты ақпаратты ғана беруді мақсат еткендей.

Әдебиеттер:

1. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына . – Алматы: Жазушы, 1987. – 229 б.
2. Бөкей О. Ұйқым келмейді. – Алматы: Жазушы, 1987. – 420-б.
3. Бокеев О. Человек – олень. – Москва: Русская книга, 2003.
4. Нұрмаханов Қ. Дәстүрлі достық. – Алматы: Жазушы, 1978 – 332 б.
5. Бельгер Г. Аударма - үлкен өнер // Қазақ әдебиеті, 1967 жыл, 17 сәуір.